

**1999 жылғы Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының сайлауындағы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер байқаушылары, депутаттыққа кандидаттардың сенім білдірген адамдары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 19 шілдедегі N 17/218 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 854. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91 /183 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

*"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңның 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*1. Қосымшаға сай Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.*

*2 . . . . .*  
*3 . . . . .*

*Т ө р а ғ а*

*Хатшы*

*Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының күші жойылған қаулыларының тізбесі*

*1. "1999 жылғы Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының сайлауындағы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер байқаушылары, депутаттыққа кандидаттардың сенім білдірген адамдары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері туралы " Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 19 шілдедегі N 17/218 қаулысы (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізіліміне 1999 жылғы 26 шілдеде тіркелген, тіркеу N 854).*

*2 . . . . .*  
*3 . . . . .*

6. ....

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Z952464\_ Конституциялық заңның 40, 42 және 43-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы **қаулы етеді** :

1. Қоса тіркеліп отырған Қазақстан Республикасындағы сайлауда шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары туралы Ереже бекітілсін .

2. Қоса тіркеліп отырған Қазақстан Республикасындағы сайлауда қоғамдық бірлестіктер өкілдері, депутаттыққа кандидаттардың сенім білдірген адамдары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері туралы Ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы*  
*Орталық сайлау комиссиясының*  
төрайымы

*Қазақстан Республикасы*  
*Орталық сайлау комиссиясының*  
хатшысы

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
1999 жылғы 19 шілдедегі  
N 17/218 қаулысымен

бекітілген

**1999 жылғы Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының сайлауындағы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары туралы Ереже**

Осы Ереже Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның Демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюросының (ОБСЕ/БДИПЧ) сайлауды бақылауға Басшылығына сәйкес дайындалды.

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары сайлау процестерінің барысы туралы қорытындылар жасау үшін жіберіледі.

Бақылау сайлауға байланысты адам құқығын қорғауға, оны бұзушылыққа

жол бермеуге көмектесіп, сайлауды адал және әділетті өткізуге мүмкіндік  
т у ғ ы з а д ы .

Байқаушылардың санын оларды жіберген тараптар анықтайды және ол  
Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілмейді.

## **1. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын тіркеудің тәртібі туралы**

1. Байқаушылар Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының  
ж а н ы н д а т і р к е л е д і .

Тіркеу үшін шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың  
байқаушыларының тегі, аты, жұмыс орны және байқаушыларға куәлік беруге  
ыңғайлы болуы үшін Қазақстан Республикасының қай қаласында болатындығы  
туралы болжамын көрсетіп Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер  
министрлігіне байқаушылар тізімін жібереді.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы өз мәжілісінде  
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы бойынша тиісті  
шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын тіркеу жөнінде  
шешім қабылдайды.

3. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары болып  
табылмайтын адамдар-олардың үкіметтік органдары, парламенттері, үкіметтік  
емес ұйымдары Орталық сайлау комиссиясында тіркелмейді.

4. Байқаушылардың өкілеттік мерзімін Қазақстан Республикасының Орталық  
сайлау комиссиясы белгілейді.

5. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы байқаушыларға  
олардың сайлау науқанын өткізу кезіндегі қызметіне негіз болып табылатын  
белгіленген үлгідегі куәліктер береді.

## **2. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларының өкілеттіктері**

6. Байқаушылар тиісті сайлау учаскесі мен пунктіне келгенде сайлау  
комиссиясының төрағасына Қазақстан Республикасының Орталық сайлау  
комиссиясы берген өзінің куәлігін көрсетуі қажет.

7 . Б а й қ а у ш ы л а р :

1) әрбір учаскеде, пунктте дауыс беруге арналған учаскелер мен пункттердің  
а ш ы л у ы н а қ а т ы с у ғ а ;

2) сайлау күні сайлау учаскелерінде дауыс беруге арналған пункттерінде  
б о л у ғ а ;

3) сайлау учаскелерінде, дауыс беруге арналған пункттерде дауыстарды санау б а р ы с ы н б а қ ы л а у ғ а ;

4) алып жүретін сайлау жәшіктеріне ілесіп жүруге;

5) сайлау процесі туралы ақпарат алуға;

6) алдын-ала ескерте отырып елдің аумақтарында болуға;

7) көпшілікке өз пікірін ашық жария ету;

8) өз қалауы бойынша адамдармен, саяси партиялар өкілдерімен кездесуге қ ұ қ ы л ы .

8 . Б а й қ а у ш ы л а р :

1) өз статусын сайлауды бақылаудан басқа жағдайға пайдаланбауға;

2) билік, партиялар, кандидаттар жөнінде немесе сайлау процедуралары туралы артықшылық көзқарас білдіруге немесе басқаша иландыруға;

3) сайлау процестеріне және дауыс санауға араласпауға;

4) қандай бір партияларға немесе кандидаттарға қатысы бар белгілерді, киімдер немесе таңбаларды алып жүрмеуге міндетті.

9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңдарын, сайлау комиссиялары белгілеген Ережелерді орындауға міндетті.

10. Байқаушылар өздерінің барлық тұжырымдарын жақсы құжатталған, нақты және тексеруге келетін фактілермен негіздеуі тиіс.

11. Байқаушылар өздерінің бақылаулары жөнінде баспасөз өкілдеріне немесе басқа ынта білдірушілерге күні бұрын пікір білдірудің алдын алуы керек.

**3. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларының қызметін қамтамасыз ету**

12. Байқаушылар Қазақстан Республикасының аумағында болған уақытта Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғауында болады.

13. Байқаушылардың қызметін ұйымдастыру және қаржылық қамтамасыз ету оларды жіберген тараптар есебінен болады.

14. Байқаушылардың өз функцияларын орындау барысында оларға тиісті сайлау комиссиялары және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қажетті көмек көрсетеді.

**4. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар байқаушыларының жауапкершілігі**

15. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Z952464\_ Конституциялық заңның 40, 42 және 43-баптарына сәйкес байқаушылардың сайлау комиссияларының жұмысына араласуына жол берілмейді.

16. Байқаушылар Қазақстан Республикасының заңдарын немесе халықаралық құқықтық нормаларын бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы олардың тіркеуін кері қайтарып алу құқығына ие.

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
1999 жылғы 19 шілдедегі  
N 17/218 қаулысымен

бекітілген

**1999 жылғы Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының сайлауындағы қоғамдық бірлестіктер байқаушылары, депутаттыққа кандидаттардың сенім білдірген адамдары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері туралы Ереже**

**1. Қоғамдық бірлестіктердің байқаушыларын тіркеу тәртібі**

1. Қоғамдық бірлестіктердің байқаушылары қоғамдық бірлестіктердің республикалық және аумақтық органдарының ұсынуы бойынша аумақтық және округтік сайлау комиссияларының жанында тіркеледі.

2. Қоғамдық бірлестіктердің байқаушыларын тіркеу жөніндегі шешімдер тиісті аумақтық және округтік сайлау комиссияларының мәжілістерінде қ а б ы л д а н а д ы .

3. Байқаушылардың өкілеттік мерзімін тиісті аумақтық және округтік сайлау комиссиялары белгілейді.

4. Тиісті аумақтық және округтік сайлау комиссиялары тіркеген кезде қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне белгіленген үлгідегі куәліктер береді.

**2. Сенім білдірген адамдардың және қоғамдық бірлестіктер байқаушыларының өкілеттіктері**

5. Әрбір сайлау учаскесінде, дауыс беруге арналған пунктте қоғамдық бірлестіктердің әрқайсысынан тек бір байқаушыдан және депутаттыққа түсіп отырған әр кандидаттың бір ғана сенім білдірген адамы қатыса алады.

6. Байқаушылар және сенім білдірген адамдар тиісті сайлау учаскесіне, дауыс беруге арналған пунктке келген кезде өз куәлігін учаскелік сайлау комиссиясының төрағасына көрсетуі тиіс.

7. Байқаушылар мен сенім білдірген адамдар:

- 1) учаскелердің, дауыс беруге арналған пункттердің ашылуына қатысуға;
- 2) сайлау күні сайлау учаскесінде, дауыс беруге арналған пункттерде болуға;
- 3) дауыстарды санаудың барысын, сондай-ақ сайлау учаскелерінде, дауыс беруге арналған пункттерде дауыс берудің нәтижелерін анықтауды бақылауға;

4) алып жүретін сайлау жәшіктеріне ілесіп баруға;  
5) өздері бақылауға алған сайлау процестеріндегі бұрмалану фактілері туралы учаскедегі учаскелік сайлау комиссиясының төрағасына хабарлап отыруға;

б) егер анықталған бұрмалаушылықтарды түзетуге учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы шара қолданбаған жағдайда, жоғары тұрған сайлау комиссиясына, сотқа, прокуратура органдарына шағымдануға хақылы.

8. Байқаушылар және сенім білдірген адамдар:

1) өзімен бірге тиісті аумақтық сайлау комиссиялары берген куәліктің б о л у ы н а ;

2) өзінің міндеттерін өзгеге қиындық түсірмейтіндей етіп орындауға, сайлау күні дауыстарды санауға, басқа сайлау процестеріне араласпауға;

3) өздерінің барлық тұжырымдарын жақсы құжатталған, нақты және тексеруге болатын фактілермен негіздеуге;

4) учаскелік сайлау комиссиялары белгілеген ережелерді орындауға міндетті.

### **3. Қоғамдық бірлестіктердің байқаушылары мен сенім білдірген адамдардың жауапкершілігі**

9. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Z952464\_ Конституциялық заңның 40, 42 және 43-баптарына сәйкес қоғамдық бірлестіктер байқаушыларының және сенім білдірген адамдардың сайлау комиссияларының жұмысына араласуына жол берілмейді.

10. Тиісті сайлау комиссиялары қоғамдық бірлестіктер байқаушыларының Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда оларды тіркеуді қайта шақырып алуға хақылы.

### **4. Сайлауға дайындық барысы мен оның қорытындыларын жазып, көрсететін бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері туралы**

11. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері жеке куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған жағдайда сайлауды өткізуге байланысты шараларға қатыса а л а д ы .

12. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері-журналистер, редакциялардың басшы қызметкерлері депутаттыққа кандидат болып тіркелсе немесе олардың сенім білдірген адамдары болса, онда олардың сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жазып, көрсетуіне тыйым салынады.